

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев
атындағы университет» АҚ

Кафедраның стратегиялық даму жоспары
ҚЕ-11-24 ФР 01



TASHENEV
UNIVERSITY

БЕКІТЕМІН

«Педагогикалық және
жаратылыстану ғылымдары»
факультетінің деканы



А.А. Мамыт
«20» жөне «09» 2024ж.

**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ»
КАФЕДРАСЫНЫҢ 2024-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ
ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Кафедра мәжілісінде қаралды
«19» «09» 2024ж.

Шымкент 2024

Негізгі қысқартулар

ҚР БЖҒМ	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
ҚР ӘМ	Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
ТУ	«Ж.А. Тәшенев» атындағы университеті
ЖОО	Жоғары оқу орны
ОПҚ	Оқытушы-профессорлық құрам
ҚР ҰҒА	Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ҰБТ	Ұлттық бірыңғай тест
КТ	Кешенді тест
ХС	Халықаралық стандарт
АІБ	Аралық ішкі бақылау
ТМД	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
СМЖ	Сапа менеджменті жүйесі
ҒЗЖ	Ғылыми-зерттеу жұмыстары
PhD	Философия докторы (академиялық дәреже)
IT	Ақпараттық технология
TQM	Жалпылама сапаны басқару (<i>Total Quality Management</i>)



Мазмұны

- «Мектепке дейінгі оқыту және психология» кафедрасының стратегиялық даму жоспары
- I. Кіріспе
 - II. «Мектепке дейінгі оқыту және психология» кафедрасының қызметі, болашақ көрінісі, мақсаттары мен міндеттері
 - III. Ағымдағы жағдайды талдау
 - IV. Стратегиялық басыңқы бағыттар, мақсаттар, міндеттер мен 2029 жылға дейін кафедраның даму стратегиясын жүзеге асырудың күтілетін нәтижелері
 - V. Модернизация бағыттары
 - V.1 Кафедраны басқару модернизациясы, оқыту процесін дамыту және жетілдіру
 - V.2 Ғылым және инновация менеджментінің модернизациясы
 - V.3 «Мектепке дейінгі оқыту және психология» кафедрасының перспективалық моделі
 - VI. Қорытынды



**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫНЫҢ
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ**

Құжаттың атауы 2024-2029 жылдарға арналған кафедраның стратегиялық даму жоспары

Жоспарды әзірлеуші «Мектепке дейінгі оқыту және психология» кафедрасы

Мақсаты Озық білімдерді іздестіру, инновациялық зерттемелерді енгізу және экономиканы жаңғыртудың қазіргі жағдайында әрекет етуге қабілетті элиталы кадрларды дайындау

Іске асыру мерзімдері 2024-2029 жылдар

Стратегиялық бағыттар (СБ) мен мақсаттар (СМқ) - 1 СБ: Сапалы білім беру және жоғары білікті кадрлар дайындығын қамтамасыз ету.

1.1 СМқ: Біліктілігінің деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрларды дайындау.

2 СБ: Ғылыми зерттеулердің және инновациялық қызметтің сапасын жақсарту және дамыту салаларын қамтамасыз ету.

3 СБ: Адам капиталының маңызды сипаттамалары ретінде маманның бойында азаматтық, құқықтық қоғам, жоғары сапалы өмір сүру үрдісті жасаушы және кәсіпкерлікті дамыта білетін тұлға қасиеттерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

3.1 СМқ: Кәсіптік және әлеуметтік құзыреттілігіне ие азамат пен біліктілігімен өзіне сенімді және бәсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу.

Стратегиялық міндеттер (СМ)

- 1.СМ: Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік оқу бағдарламаларын жетілдіру;

- 1.1 СМ: Ғылыми-зерттеу жобаларды ұйымдастыру мен ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша үздіксіз жұмыс жүргізу;

- 1.1.2. СМ: Кафедраның кадрлық ғылыми әлеуетін көтеру мақсатында жас магистранттардың докторантураға оқуға түсуге, диссертациясын сәтті қорғауға көмектесу;

- 1.1.3 СМ: мамандық бойынша және білім, ғылым саласындағы үздіксіз өзгертулер мен толықтыруларға сүйене

отырып біліктілікті үнемі арттыру

- 1.1.4.СМ: Кафедраның материалдық-техникалық базасын дамыту, көп функционалды мультимедиялық жабдықтармен ақпараттық құралдар және зертханалық тәжірибелік құрал жабдықтармен қамтамасыз ету;
 - 1.1.5. СМ: Білім беру қызметтері сапасына бақылау жүргізудің заманауи тетіктерін пайдалану;
 - 1.1.6. СМ: Білім, ғылым, іс-тәжірибе, зертханалық базаларын және жылы жай ашу.
- 2.1.1 СМ: Ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыру;
- 2.1.2 СМ: Ғылыми зерттеулер сапасын арттыру, өзекті проблемалар бағыттарын анықтау;
- 2.1.3 СМ: Студенттерді белсенді әлеуметтік өмірге дайындау және олардың әлеуметтік құзыреттілігін арттыру;
- 2.1.4.СМ:Студенттерді білімге, ғылымға қызығушылын арттыру;



I. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының 2024-2025 жылдарға арналған білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында білім беру жүйесіндегі басты мәселені шешудің көзі – жоғары білікті маманды даярлау болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі оны дамытудың тараптарын жаһандану үдерістерінің белгілі бір әсерімен айқындалатын реформалаудың жаңа сатысына енді: Бүкіләлемдік Сауда Ұйымына (БСҰ) кіру; білім беру саласындағы ұлттық саясатты үйлестіру; білім беру басшылықтарын әлемдік талаптармен тұрғындар ұтқырлығының өсе түсуімен біркелкілендіру; ақпараттық білім беру және басқарудың жаңа технологиялары; құзыреттілікті білім беру модельдерін ендіру.

Осы Стратегияда Ел Президенті ұсынған бағдарламалық құжаттарына сүйене отырып, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың оқу үдерісін модернизациялау, ғылым, білім беру және инновациялық қызметті интеграциялау, біртұтас халықаралық ғылым-білім беру кеңістігін ендіру болып табылады.

Кафедраның білім, ғылым, рухани тәрбие беруде инновациялық және өндірістік мүмкіндіктері өте мол. Бүкіл әлемдік білім беру интеграциясында аталған мүмкіндіктерді тиімді, ең заманауи жолдармен білікті мамандар даярлауда, еліміздің экономикасы мен қоғамдық өміріне ендіру қажет.



II «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ» КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ БОЛАШАҚ КӨРІНІСІ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Миссиясы: кафедра миссиясы университет миссиясымен сәйкес, Білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және жаңа білімді жасау негізінде елдің зияткерлік элитасын қалыптастыру.

Стратегиялық мақсаты: сапалы білім алу қызметтерін ұсыну және кәсіби музыкалық білімге қолжетімділік пен жағдайларды жасау. Білім саласында стратегиялық бағыттар мен мақсаттар білім жүйесіне, қоғамның талаптарына, экономиканың инновациялық дамуына және басқа да факторларға байланысты болуы тиіс. Нәтижеге бағытталған білім беру ұйымын басқару үдерісін стратегиялық жоспарлау негіздері Білім беру ұйымының жұмысын басқару үрдісі белгілі мақсатқа жетуге бағытталған дәйекті түрдегі іс-шаралардың жиынтығымен көрініс табады.

Басқарудағы менеджмент педагогикалық ұжымның парасатты, нысаналы іс-қызметінің көмегімен білім беру жүйесін бағындыру және тәртіпке келтіру жұмысынан тұратындығы бұрыннан белгілі. Сонымен қатар менеджмент стратегиялық және тактикалық мақсаттарға оңтайлы жетужолында әрбір ұйыммен және олардағы педагогтардың нысаналы және келісімді жұмысын қамтамасыз ететін басқару тетігін қалыптастырумен ерекшеленеді. Бүгінгі таңда білім саласындағы менеджмент – басқарудың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Оның тиімділігін тануда стратегиялық жоспарлаудың ролі артып келеді. Мысалы 5-7 жылға есептелген мектептердің стратегиялық Даму жоспары, Кембридж университеті мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің біріккен бағдарламасы бойынша оқытылатын деңгейлік оқу курстары қорытындысымен жасалатын қысқа және орта мерзімді жоспарлардың білім ұйымын мақсатты жетілдіруде ролі ерекше.

Білім жүйесіне «стратегия» термині қажеттілігімен танылып, кеңінен еніп отыр. «Стратегия» термині осы уақытқа дейін жарыс, бәсеке мағынасында қолданылып келгенмен, қазіргі кезде бұл атау білім ұйымы қызметінің жалпы концепциясын білдіреді. Стратегия дегеніміз ұйымның міндетті ісін орындауды және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспар жиынтығы болып саналады. Стратегиялық жоспарлау дегеніміз басшы қабылдаған әрекеттер мен шешімдер жиынтығы, сол арқылы ұйымның өз мақсатына жетуі үшін басшы арнайы стратегияны іздестіреді. Стратегиялық жоспарлау басқару шешімін қабылдауға қажетті құрал болып саналады. Оның басты міндеті – ұйымдағы жаңадан енгізілгендерді жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету. Стратегиялық жоспарлау басқару қызметінің төрт түрін қамтиды: ресурстарды бөлу, сыртқы ортаға бейімделу, ішкі үйлестіру және ұйымдық стратегиялық болжамдау.

Озық білімдерді іздестіру, инновациялық зерттемелерді енгізу және экономиканы жаңғыртудың қазіргі жағдайында әрекет етуге қабілетті элиталы кадрларды дайындау.

Сонымен қатар университет түлектерінің ел іші мен шетелде ары қарайғы білім алуы мен болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндігі ішкі нарыққа ғана емес, халықаралық нарық сұраныстары мен талаптарына бағытталған білім беру бағдарламаларын реттеу үшін де қолданылады. Ол түлектердің меңгерілген білім мен құзіреттіліктерін өздерінің кәсіби іскерліктерінің әр түрлі салаларында кеңірек қолдану мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Білім беру сапасы саласындағы кафедраның мақсаты – колледж және орта білім мекемелерімен жаратылыстану бағыты бойынша ғылыми салаларда жұмыс атқаратын



жоғарғы білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, еңбек нарығына қажетті мамандарды даярлау.

Университеттің білім беру үдерісінің басымдық мақсаттары:

- бүгінгі қоғам дамуында қалыпты тұжырымға негізделген білім беру әдістері мен ұстанымдарының қалыптасуы, дамуы және жүзеге асырылуы;
- қоғамның қалыпты дамуындағы ұстанымдар мен жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде өмір сүру және жаңа көзқарас қалыптастыруға ықпал жасау;
- жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және мәдени, интеллектуалды қажеттіліктерін өтеуге жағдай жасау;
- отандық және шетелдік тәжірибені негізге ала отырып, мемлекеттің қажеттілігіне, сұранысына жауап беретін білім беру мен тәрбие жүйесін қалыптастыру;
- ғылыми-тәжірибелік талдамалармен, бағдарламамен қамтамасыздандыруды жүзеге асыру;

Кафедраның міндеттері:

- кафедра жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру;
- кафедраның жалпы педагогикалық жүктемесін жоспарлау және есептеу;
- кафедра ұжымының моральды-психологиялық жағдайын қажетті деңгейде ұстау және нығайту;
- кафедраның мамандар даярлау бағыттары мен БББ бойынша даму стратегиясын жасайды, жұмыс берушілермен, білім беруді басқару органдарымен сыртқы байланыстарды нығайтады және дамытады;
- университеттің сапа менеджменті жүйесін әзірлеуге және ендіруге, сонымен қоса оның нәтижелілігін ұдайы жақсартып отыруға қатысады;
- оқу үдерісін жоғары сапамен қамтамасыз ету мақсатында педагогикалық әдістер мен оқыту құралдарын айқындай алады. Оқытудың барлық түрлері бойынша барлық оқыту сабақтарының өткізілуін ұйымдастырады;
- жоспарланған және ағымдағы қызметкерлердің оқу, ғылыми, әдістемелік мәселелерін талқылау бойынша кафедра мәжілісін өткізеді;
- кафедра пән кешендерінің сапалы әзірленуіне қадағалау жасайды;
- кафедра жұмысының жоспары мен кафедра оқытушыларының жеке жұмыс жоспарларының сапалы орындалуына бақылау жасайды;
- кафедра қызметкерлерінің арасында педагогикалық жүктеме мен лауазымдық міндеттерді бөлуді жүзеге асырады, олардың уақытылы және сапалы орындалуына бақылау жасайды;
- оқыту сабақтарын өткізуде оқытудың қазіргі жаңа инновациялық құралдары мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдануды жүзеге асырып, оны пайдалану мүмкіндігін жасайды;
- оқыту сабақтарының барлық түрлерін жүргізеді, дипломдық жұмыстарға, ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық етеді;
- студенттердің оқып танысушылық, диплом алды және педагогикалық практикасын, ұйымдастырады және басшылық жасайды, дипломдық жұмысқа басшылық жасайды; кафедра жекелеген пәндер бойынша студенттерге емтихандарды, сынақтарды, сондай-ақ аралық бақылауды өткізуді қамтамасыз етеді. Олардың нәтижелеріне талдау жасап, кафедра мәжілістерінде баяндайды;
- кафедрада ғылыми-зерттеу жұмысының өткізілуін ұйымдастырады, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына басшылық жасайды. Аяқталған ғылыми-зерттеу жұмыстары

мен олардың ғылыми нәтижелерін ғылымға енгізу мүмкіндіктерін талқылайды. Қол жеткізген ғылыми нәтижелерді баспада жариялауды қамтамасыз етеді;

- оқулықтарға, оқу құралдарына, әдістемелік құралдарға қорытындылар дайындауды қамтамасыз етеді;

- оқулықтардың, оқу құралдарының, оқу-әдістемелік құралдардың дайындалуын ұйымдастырады және тікелей өзі қатысады;

- кафедрадағы оқытушылар мен басқа да қызметкерлердің жеке жұмыс жоспарларының сапасы мен орындалуына бақылау жасайды;

- кафедраның педагогикалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысады;

- кафедра оқытушыларының тәжірибесін зерттейді, жинақтайды және таратады, ашық сабақтар жоспарлайды, өткізеді, тәжірибе алмасады;

- жұмысты жаңа бастаған оқытушыларға оқыту және әдістемелік тұрғыдан көмек көрсетеді.

- кафедраның профессорлық оқытушы құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығы негізінде алыс және жақын шет елдерге тәжірибе алмасуды ұйымдастырады.

III. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

«Жұмабек Ахметұлы Ташенев» АҚ атындағы университеті Қазақстан Республикасы мақсаты мен стратегиялық бағыттарының және мақсаттарының, аумақтың, мемлекеттің және толығымен қоғамның, білім беру саласындағы мемлекеттік даму бағдарламаларының стратегиялық мақсаттары жолында қызмет етеді.

Кафедраның меңгерушілік қызметін ғылым магистрі, аға оқытушы Қ.Ш.Алимова басқаруда. Кафедрада 16 штаттық бірлікте 5 ғылым докторлары жұмыс істейді.

Кафедра ұжымы берілетін пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешенді тереңінен қайта қарастырып, өзгерістер енгізу жөнінде жұмыстар атқаруда.

Бүгінде кафедра оқытушылар бұрыннан оқытылып жүрген «Психология», «Инклюзивті білім беру» атты пәндерді түбегейлі қайта қарастырып қана қоймай, қазіргі қоғамдағы маңызды инклюзиялық және психологиялық мәселелерге аса мән беріп жаңа өзгерістер енгізді. (барлық білім беру бағдарламалары студенттері үшін).

Кафедрада 2 қолданыстағы 6В01201 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту», 6В01101 - «Педагогика және психология», білім беру бағдарламалары және 2 жаңа 6В01202 - «Мектепке дейінгі білім беру» (IP), 6В01103 – «Психология» (IP), білім беру бағдарламалары бойынша білім берудің жаңартылған бағдарламасына сәйкес жұмыс жасап келеді. «Мектепке дейінгі оқыту және психология» кафедрасында кәсіби деңгейі жоғары, білікті мамандар қызмет атқарады.

Кафедра оқытушылары білікті, кәсіби қызметіне адал, жеке тұлғалық дамуға талпынған, тұтыну нарығына бейімделген, алғыр, ұтқыр мамандарды даярлауда өз үлестерін қосуда.

Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша қолданыстағы 7М01101 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы 2019 жылдан бастап жұмыс жасап келеді.

7М01104 - «Білім берудегі зерттеулер» (IP), 7М01105 – «Оқыту бағдарламаларының дизайны» (IP), 7М01104 – «Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық» (IP), жаңа инновациялық магистратура білім беру бағдарламаларымен жұмыс істеу жоспарлануда.



Кафедрада оқытушылардың біліктілігін Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындарында жетілдіру мәселесі ұйымдастырылған. Кафедраның жас оқытушылары Қазақстан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің ұйымдастыруымен «Инклюзивті білім беру моделі» атты офлайн курстан білім алып, кәсіби біліктілігін арттырып отыр.

Кафедрада 2024-2026 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа кафедра PhD, доцент м.а. Оралбекова Алия Курбановна - «Инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларына арналған «Әлемді тану» компьютерлік білім беру бағдарламасын әзірлеу» – атты ғылыми жобасын ұсынды. Өтінім беру Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі сайты арқылы Ғылым комитетіне электронды түрде «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесіне <https://is.ncste.kz> сілтеме арқылы жүзеге асырылып, сайтта AP22783568 госномермен тіркелді.

Кафедраның жетекші мамандары жас мамандардың педагогикалық және ғылыми-зерттеу салалары бойынша тәлімгерлері болып табылады. Тәжірибелі тәлімгерлер, лекторлар мен ғалымдардың жетекшілігімен түрлі бағыттағы оқу-әдістемелік әдебиеттер шығарылады. Олар: мультимедиялық материалдар, практикалық, лекциялық әдістемелер және әр түрлі оқу құралдары.

Мамандығымыздың түлектері мектептерде, бала-бақшаларда және балаларға арналған түрлі білім беру мекемелерінде, коррекциялық-оңалту орталықтарында жұмыс жасай алады. Олар сондай-ақ университет пен мектеп, балабақша сынды оқыту саласында ғылыми және педагогикалық қызметпен айналыса алады, мектеп оқушыларына, мектеп дейінгі балабақшабалаларға, оңалту орталықтарына арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдар әзірлей алады.

Бұл білім беру бағдарламаларының басқа білім беру бағдарламаларынан ерекшелігі білім алушылардың мектепке дейінгі білім беру үдерісімен және балалардың дамуымен, қоғамның қазіргі замандағы даму кезінде әрбір адам психологияның, педагогиканың теориялық негіздерін білуі, адамдармен жұмыс жасау дағдылары мен іскерліктерін игеру, психолого-педагогикалық диагностикалау мен коррекциялау жұмыстарын жүргізе білуі керектігіне байланысты мамандық. Себебі адамның әрбір іс-әрекеті тек қана адам өмірінің объективтік жағдайларынан ғана емес, сонымен қатар олардың өмірдегі субъективтік сәттерінен де заңдылықпен байланысты. Психолог тіршіліктің субъективті және объективті жағдайларының өзара әрекеттестігінің шынайы ғылыми негіздерін көрсетеді, тұлға аралық қарым қатынасқа әсер етеді. Жаңа ғасыр білім беру саласында жаңа бағыттар ашады, сондықтан әрбір ізденушіні біздің кафедрамыздың білім алу студенттерінің қатарында көруге әрқашанда қуаныштымыз.

Кафедра мамандықтары және оқу нысандары бойынша мәліметі

Кафедраның сандық және сапалық құрамы

Оқу жылы	Жалпы ПОҚ	Ғылым докторлары мен қауымдастырылған профессор (доцент)		Ғылым кандидаттары мен PhD		Ғылым магистрі, аға оқытушылар мен оқытушылар		Ғылыми әлеуеті %
		саны	%	саны	%	саны	%	
2024-2025жж	16	1	6%	4	25%	11	69%	32 %
2025-2026жж	20	5	25%	7	35%	8	40%	60%
2026-2027жж	22	8	36%	9	41%	5	23%	77%

ПОҚ біліктілігін арттыру жоспары

Оқу жылдары	Мамандық бойынша	Басқа да білім ғылым салалары бойынша
2024-2025жж	20	35
2025-2026жж	20	40
2026-2027жж	22	45

БББ студенттері ЖОО-да өтетін халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады. Студенттерді ғылыми-зерттеу үдерісіне тарту мақсатында кафедрада «Жас ғалым» және «Жас химик» студенттік ғылыми үйірме жұмыс істейді.

SWOT талдау



S (strength) - күшті жақтары (әлеуетті жағымды факторлар)	W (weakness) - әлсіз жақтары (әлеуетті теріс ішкі факторлар)
<ul style="list-style-type: none">- бакалавриат-магистратура білім беру деңгейінде ББ білім алушыларды даярлаудың үздіксіз даму жүйесінің болуы;- материалдық-техникалық база заманауи талаптарға сәйкес келуі;- компьютерлік техниканы және оқытудың басқа да заманауи техникалық құралдарын пайдалана отырып оқытуға арналған жаңа инновациялық техникалармен жабдықталған "Инклюзивті және арнайы білім беруді қолдау" кабинетінің болуы;- оқытудың қолжетімді құны.	<ul style="list-style-type: none">- ОПҚ ағылшын тілін жеткілікті деңгейде меңгермеуі;- Кафедраның ғылыми әлеуетінің төмендігі;- ОПҚ және студенттердің академиялық ұтқырлығының төмендігі.
О (opportunity) - қолайлы мүмкіндіктер (әлеуетті сыртқы оң факторлар)	Т (threat) - қауіп-қатерлер (әлеуетті теріс сыртқы факторлар)
<ul style="list-style-type: none">- Кафедрамызда ашылуы;- Түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіштерінің біршама өсуі.- Шетелдік серіктестермен келісімшарттар жасау және бірлескен жобалар жүзеге асыру мүмкіндігі.- оқытудың инновациялық технологияларын енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру мүмкіндігі;- білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру тиімділігін бақылау және мониторингілеу жүйесінің болуы;- университеттің серіктестері болып табылатын жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен жаңа байланыстарды нығайту, оның ішінде халықаралық ынтымақтастық бойынша шарттар жасасу, жақын және алыс шетелдердің ғылыми конференцияларына қатысу.	<ul style="list-style-type: none">- Кафедра студенттерінің контингентінің (топтың ашылмағандығы) төмендігі;- Ғылыми жобалар мен грантттардың жүргізілу деңгейінің төмендігі;- білім беру нарығында мықты бәсекелестердің білім беру бағдарламаларына сұранысы.

IV. СТРАТЕГИЯЛЫК БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР МЕН 2029 ЖЫЛҒА ДЕЙІН КАФЕДРАНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Атауы	Өлш. бірл.	Жоспарлы кезенде күтілетін нәтиже, жыл						
		2024	2025	2026	2027	2028	2029	
1 стратегиялык бағыт	Сапалы білім беру қызметтерін және бәсекеге қабілетті кәсіптік мамандар даярлауды қамтамасыз ету							
1.1 мақсат	Біліктілігінің деңгейі бойынша дамып отырған ішкі нарық мұқтаждықтарына және халықаралық стандарттар мен талаптарына жауап бере алатын кәсіби кадрларды дайындау							
Мақсатты индикаторлар:								
Еңбек нарығындағы біліктілік талаптарын ескере отырып, жұмыс берушілердің қатысуымен әзірленген және іске асырылатын жанартылған білім беру бағдарламаларының үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100
Облыс, аудан және Шымкент қаласы көлемінде мектептер мен бала-бақшаларда және де психологиялық орталықтарда кафедра филиалдарын құру	саны	1	2	2	3	3	3	3
Білім беруде IT-технологиялары мен жасанды интеллектті пайдалана отырып білім беру бағдарламасын меңгерген бітірушілер үлесі	%	100	100	100	100	100	100	100
Жұмыс берушілермен бірлесе отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іс-тәжірибе бойынша әдістемелік семинарларды ұйымдастыру	саны	-	1	1	1	1	1	1
Жыл бойында жұмыспен қамтылған ЖОО түлектерінің үлесі (қарулы күштер қатарына шақырылғандарды есепке алғанда)	%	70,5	72	74	75	78	80	80
1.1.1 міндет	Өңір және тұтас ел үшін жоғары білікті бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін кәсіптік оқу бағдарламаларын жетілдіру							
Жұмыс берушілердің талаптары есепке алынып әзірленген тандау бойынша компонент үлесі	%	30	30	50	50	50	50	50
Шетелдік және отандық іргелі ЖОО бірлесіп әзірленген кәсіптік оқу бағдарламалары	саны	-	1	1	3	3	3	3
БББ бойынша 1 жыл бойында жұмысқа орналасқан бітірушілер үлесі	%	40	50	55	60	65	70	70
1.1.2 міндет	Диссертациялар корғау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру жолымен университеттің кадрлық әлеуетін күшейту							
Кафедраның ғылыми әлеуетін арттыру	%	30	50	53	55	58	60	60
Біліктілікті арттырған ПОҚ үлесі	саны	5	7	8	10	13	15	15

Кафедраға қызметке тартылатын шетелдік жетекші ғалымдар, оқытушылар мен кенесшілердің саны	саны	1	2	3	4	5	
1.1.3 міндет							
Оқу үдерісінде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысу барысында және іс-тәжірибе кезінде оқу өндірістерінің және ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми-өндірістік базаларын пайдалану	саны	1	2	3	4	5	
1.1.4 міндет							
6B01101 – «Педагогика және психология», 7M01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеуден өткізу	саны	1	2	3	4	5	
6B01102 - Психология ІР, 6B01202 – Мектепке дейінгі білім беру ІР, білім беру бағдарламаларын алғашқы аккредиттеуден өткізу	саны	2					
ЖОО арасындағы рейтингіге қатысу (отандық/шетелдік)	мерзімі		+	+			
1.1.5 міндет							
ҰБТ немесе КТ нәтижесі бойынша педагогикалық ғылыми бағыт бойынша 75 балдан жоғары талапкерлердің үлесі	%	50	65	70	72	75	78
ЖОО-дан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау:	Адам	42	50	55	60	65	70
Магистратура -							
Докторантура (PhD) -	Адам						
Академиялық ұтқырлық бағдарламалардың негізінде студенттерді қатыстыру:		0	3	4	5	6	7
Ішкі АҰ-		1	2	3	3	5	6
Сыртқы АҰ-							
1.1.6 міндет							
Оқу өндірістерінде келісім-шарт негізінде орындалатын ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны	саны	1	1	1	1	1	1
Шетелдік және отандық жетекші ғылыми орталықтармен бірлесіп жүргізетін ғылыми зерттеулердің саны	саны	1	1	1	1	1	1
Каржыландырылатын ғылыми жобалар орындауға қатысатын оқытушылардың штаттық ПОҚ жалпы санынан алатын үлесі	%	25	25	25	25	25	28
Кафедраның іргелі және қолданбалы зерттеулеріне қатысатын немесе	%	10	15	20	25	28	30

3.1 мақсат											
Жастар ұйымдары қызметіне, жергілікті өзін-өзі басқару мен студенттік өзін-өзі басқаруды ұйымдастыруға қатысатын студенттер үлесі		%	20	25	30	35	40	45			
Әлеуметтік маңызды жобаларды және бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысатын студенттер үлесі		%	20	25	30	35	35	40	45		
Қайырымдылық, отансүйгіштік, ғылыми-техникалық, мәдени, спорттық және басқа акцияларға қатысатын студенттер үлесі		%	25	30	35	35	40	45			
3.1.1 міндет											
Мемлекеттік жастар саясаты және патриоттық тәрбие саласының іс-шараларына жастарды қатыстыру:		Іс-шара	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел өткізу		Іс-шара	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ҚР тәуелсіздігіне байланысты дөңгелек семинар (С), пікірталастар (П) өткізу		Іс-шара	+	+	+	+	+	+	+	+	+
«100 нақты қадам: Индустриаландыру мемлекеттік бағдарламасы. дөңгелек семинар (С), пікірталастар (П) өткізу		Іс-шара	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру		Іс-шара	+	+	+	+	+	+	+	+	+
Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық іс-шаралар мен спорттық секцияларды арттыру		Іс-шара	3 / 3	4/4	5/4	6/6	7/7	7/7	7/7	7/7	7/7
3.1.2 міндет											
Әлеуметтік басқару және жастар саясаты мәселелері бойынша кәсіпкерлік ұйымдармен, тренингтер мен шеберлік сыныптарды ұйымдастыру		саны	1	2	3	4	5	6			
Аймақтық, республикалық ғылыми конкурстардың жеңімпаз студенттері санын арттыру		саны	3	5	6	8	9	10			
Педагогика саласы бойынша өткізілетін Республикалық пәндік олимпиадаларға студенттерді қатыстыру		саны	3	3	4	5	8	10			
3.1.3 міндет											
Студент жастардың Отан сүйгіштік деңгейінің өсуіне ықпал ететін іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру		%	20	20	30	30	35	35	38		

Сыбайлас жемқорлықтың, нашақорлықтың, діни экстремизмнің алдын алуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастыру	саны	2	2	3	5	7	9
Әлеуметтік жағдайы төмен студенттерге материалдық және әлеуметтік қолдау көрсету (мемлекет тарапынан көрсетілген көмекке қосымша)	%	10	15	15	20	23	25

V. МОДЕРНИЗАЦИЯ БАҒЫТТАРЫ

V.1. Кафедраны басқару модернизациясы, оқыту процесін дамыту және жетілдіру

Бұл стратегия кафедраны басқару мен оқу үдерісін жетілдірудің келесі жүйелі міндеттерін анықтайды.

Бірінші міндет – университеттің мәртебесі мен міндеттеріне сай қабілетті студенттерді іріктеп алып, білім алушылар контингентін қалыптастырудың пәрменді механизмін құру.

Екінші міндет – бакалаврлардың дипломын халықаралық деңгейде мойындата алатындай жағдай туғыза алатын мамандық, факультет, университет білім беру бағдарламаларын халықаралық аккредиттеу, сертификаттау, стандарттау.

Үшінші міндет – қызмет көрсету мен білім берудің электрондық оқыту құралдарын жүйелі түрде дамыту.

Төртінші міндет – профессор-оқытушылар құрамын дайындау, қайта дайындауды жетілдіру, оған талантты, жоғары білікті жастарды тарта білу.

Бесінші міндет – білім берудің кредиттік жүйесін Болон принциптеріне сүйене отырып, халықаралық ықпалдастық және академиялық ұтқырлықты жетілдіру.

Алтыншы міндет – жұмыс берушілердің біліктілік талаптарын қанағаттандыру мақсатында үзіліссіз оқу бағдарламаларын жетілдіріп қажетті пәндерді енгізу, жыл сайын жаңалау.

Алға қойған міндеттерді іске асыру үшін төмендегі әдістер мен механизмдер қолданылады:

- үздік қызметкерлерді материалдық емес тұрғыдан ынталандыруды күшейту;
- кафедраның корпоративтік мәдениетін жетілдіру.
- мамандыққа білім алушыларды іріктеп алудың талаптарын күшейтетін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша ұсыныстар беру, ол үшін қажетті әдістемелік және ұйымдастырушылық базаны жетілдіру;
- ПОҚ білімін жетілдіру және дайындау жүйесін 3 бағытта жүргізу: оқытушыларды Республиканың және шетелдің беделді оқу орындарына білімін жетілдіруге жіберу, шетел және республикалық ЖОО ПОҚ-мен нәтижелі байланыста болу және университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене қатысатын жас ғалымдарды дайындау;
- студенттердің өзіндік жұмыстарын жүргізу үшін оқу-материалдық базасын жетілдіру, оқытушының еңбегін бағалаудың жаңа критерийлерін дайындау, оқытушылардың еңбек ақысын адекваттық төлем жүйесіне бағыттау;
- бітірушілерді студенттерді колледж, орта білім беру мекемелер мен жаратылыстану ғылыми бағытындағы түрлі ғылыми зерттеу, лабораторияларға жұмысқа орналастыру, ол үшін кейбір студенттерді оқытудың оқу траекториясын анықтап жұмыс берушінің талабына сай қайта бабына келтіріп, оқытудың әдіснамасының кері байланыс нәтижесіне ғылыми болжам және талдау жасау.

V.2. Ғылым мен инновация менеджментінің модернизациясы

Бұл стратегия осы өрістегі келесі жүйелік міндеттерді анықтайды.

Бірінші міндет – ғылымды бюджеттік және бюджеттік емес тұрғыдан қаржыландыру жолдарын іздестіру.

Екінші міндет – ғылыми жобаларды қажет ететін ішкі жүйелерді құру, оны іске асыру және коммерциялау үшін жеке және мемлекеттік серіктестерді іздестіру.

Үшінші міндет – ғылым мен білім беру үдерісінің байланысын тереңдету.

Төртінші міндет – кафедраның ғылыми және инновациялық инфрақұрылымын нығайту, оның Ұлттық инновациялық жүйемен ынтымақтастығын қамтамасыз ету.

Бесінші міндет – халықаралық деңгейде нәтиже беретін зерттеу жұмыстары мен талдамалардың сапасын көтеру.

Алтыншы міндет – университеттің факультеттің және кафедраның материалдық-техникалық базасын жетілдіру, инфрақұрылымды дамыту.

Алға қойған міндеттерді іске асыру барысында төмендегі әдістер мен механизмдер қолданылады:

- университеттің ғылыми және инновациялық қызметін стратегиялық жоспарлау, осы жоспарға кафедраның қатысуын қамтамасыз ету;
- нормативтік-құқықтық қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;
- университеттің және кафедраның мемлекеттік фундаментальды профильдік ҒЗИ байланысын қамтамасыз ету және серіктестік қарым-қатынаста болу.
- Қазақстандағы дамыған білім беру салалары бойынша ғылыми зерттеулер мен талдамалар дайындау және сараптау;
- материалдық емес өнімдерді (патент, лицензия және т.б.) қарқынды түрде әзірлеу және оларды коммерциялау;
- профессор-оқытушылар құрамы үшін даралық еңбек ақының базалық өлшемдерінің бірі болып табылатын ғылыми сала бойынша белсенді және нәтижелі іс атқаруға қойылатын талаптарды айқындау, жас ғалымдар үшін ғылыми-зерттеу жобаларын, бағдарламаларды және әзірлемелерді дайындауға белсене қатысуға және іске асыруға қойылатын талаптарды қалыптастыру;
- инновациялық орталықтың және ғылыми зертханаларын мемлекеттік тұрғыдан сертификаттау, оларды коммерциялық қызметке тарту;
- ҒЗЖ ғылыми нәтижесін өндіріске және оқу үрдісіне енгізу;
- ҒЗЖ өнімін өндіріске енгізе отырып, коммерциялық пайда түсіру;
- ЖОО әлемдік рейтинг критерийлеріне сәйкес университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарының беделін көтеру үшін халықаралық басылымдарға мақала жариялау және жоғары деңгейдегі ғылыми нәтиже көрсетушілерді ынталандыру;
- инновация және ғылым саласында заманауи менеджерлерді қайта дайындау және дайындау жүйесін қалыптастыру.
- жұмыстарды үйлестіру негізінде кафедраны дамыту;
- қоғамдық әлеуметтік сұранысқа бейімделу;
- білім сапасын арттыру;
- аймақтың рухани және тұрмыстық өміріндегі мәдени-үнемділік жұмыстарын кеңейту;
- ғылыми және ғылыми-техникалық жұмыстардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- бірлескен білім беру бағдарламаларын іске асыру;



- кафедрадағы мамандықтың бәсекелестік бренді және оның танымдылығын қалыптастыру;
- кафедраның, қоғамдастықтың корпоративті идеологиясын насихаттау;
- ПОҚ еңбегін ынталандырудың тиімділігін арттыру;
- университеттің және кафедраның инфрақұрылымын сапалық тұрғыдан өзгерту;
- үздіксіз білім берудің аймақтық жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын ұдайы жетілдіру;
- үздіксіз білім беру жүйесінде сабақтастықты қамтамасыз ететін инновациялық әдістемелер мен технологияларды оқу үдерісіне енгізу;
- үздіксіз білім беру жүйесіне арналған даярлаудың тиімді жүйесін құру және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін көтеру;

VI. ҚОРЫТЫНДЫ

Іс-шаралар жоспарының өзектілігіне байланысты университет кафедраға бағалау критерийінің жүйесін, мониторинг және орындауға бақылау жасауды енгізе алады, қажетіне қарай стратегия мен іс-шаралар жоспарына тиісті өзгертулер енгізіліп отырады.

Стратегияның жүзеге асырылуы университетте орындалуын, еңбек нарығы жағдайында қажет болып табылатын жоғары білікті білім беру бағдарламаларын даярлауды, ЖОО-ның әлемдік білім беру ортасына интеграциялануын, ғылыми зерттеулер мен инновациялық жұмыстардың сапалы және нәтижелі болуын, жоғары оқу орындарының рейтингісінде университеттің лайықты орын алуын қамтамасыз етеді.